

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№1 / 2016
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

ISSN 1608-2206

Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА



Меншік иесі Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті ШЖҚ РМК
Собственник РГП на ПХВ Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Бас редакторы - Главный редактор
Абжаппаров А.А., д-р тех. наук, профессор

Бас редактордың орынбасары - Зам.главного редактора
Анищенко О.А., д-р филол. наук, доцент

Редакция алқасы - Редакционная коллегия

Жакупова А.Д.	д-р филол. наук;
Шаймерденова Н.Ж.	д-р филол. наук;
Баяндина С.Ж.	д-р филол. наук;
Юрина Е.А.	д-р филол. наук;
Приёмьшева М.Н.	д-р филол. наук;
Журавлёва Е.А.	д-р филол. наук;
Джусупов М.Д.	д-р филол. наук;
Дмитрюк Н.В.	д-р филол. наук;
Жахина Б.Б.	д-р педагог. наук;
Шапауов А.К.	канд. филол. наук;
Исмагулова А.Е.	канд. филол. наук;
Жуманбекова Н.З.	канд. филол. наук;
Фаткиева Г.Т.	ответственный секретарь.

Адрес редакции: 020000, г. Кокшетау, ул. Акана-сері, 24.
тел./факс: 25-55-83; редакция: 72-11-12;
E-mail: vestnik-kgu@mail.ru

ISSN 1608-2206

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 1 / 2016

серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Техникалық редактор
Технический редактор
Громова О.В.

2008 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Издается с 2008 года
Выходит 4 раза в год

Басуға 18.03.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/12.
Кітап-журнал қағазы.
Көлемі 20,8 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 54.

Подписано в печать 18.03.16 г.
Формат 60x84 1/12.

Бумага книжно-журнальная.
Объем 20,8 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 54.

Ш. Уәлиханов атындағы КМУ
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии
КГУ им. Ш. Уалиханова

©Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия РК
Регистрационное свидетельство № 481-ж от 25.11.1998 г.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Абаған А. Б. Корей тілі фразеологизмдерінің зерттелу тарихы	6
Аймагамбетова М.М. Газет мәтіндегі тақырыпшалар	10
Алибекова К.Е., Баяндина С.Ж., Ақыш Б.Ө. Мақал мен фразеологизмдер тілдік құбылыс ретінде: ұқсастықтар мен айырмашылықтар	14
Алтаева А.К. Пайымдау түрлері және шарт мәнді айтылымдағы көрінісі	19
Бахралинова А.Ж. Научные подходы к изучению понятия «концепт»	25
Бейсембаева Г.З., Нуртазина М.Б., Дальбергенова Л.Е. Явление полисемии как отражение вариативности специальных терминов в технической терминологии	31
Бердалиева Р.Ш. Особенности невербальных средств коммуникации в казахской языковой общности	38
Боргуль Н.М., Беяева Э.П. Метафора в англоязычном судебном дискурсе и особенности её передачи на русский язык	45
Ескеева М.Қ. Түркі тілдеріндегі үндесімділіктің буынға әсері	50
Жумабаева А.Е., Жусупбекова Г.Г. Триада «язык – речь – речевая деятельность» как инструмент осуществления коммуникаций	59
Казкенова А.К. Прагматика множественной номинации	64
Карипжанова Г.Т., Жумабекова Б.Қ. М.Ж. Көпейұлы шығармаларындағы «тағдыр» концептісі	68
Касымова Р.Т. Роль отрицательного языкового материала в обучении	77
Крамаренко Б.В. Опыт исследования гуманитарных проблем с позиций тезаурусного подхода	82
Медетбекова П.Т. Мен/бен/пен, және жалғаулық шылауларының функционалды-семантикалық табиғаты	91
Мухатаева А. Ж. Бытовая лексика казахского эпоса	99
Пірімбетов Т.Т., Мажитаева Ш., Ахметова А. Қазақ тіліндегі шылау сөз табының тілдік ерекшеліктері	103
Сембаева А.Ғ. Сөз мағыналарының коммуникативтік-танымдық сипаты	108
Сембаева А.Ғ. Қазақ теңеулерінің гендерлік ерекшеліктері	114
Тимофеева О.Н. Полисемия термина «усечение» в русской лингвистике	119
Түйте Е.Е. «Күлкі» концептісі	124
Умирзакова З.А. Коммуникативные тактики в сложном коммуникативном акте	130
Kakulya Zh.M., Nesterik E.V. Cognitive factors of new medical terms emergence.....	139
Karagoishiyeva D.A., Zhanabekova M., Ospankulova Sh.A. Experience and issues of speech synthesator creation.....	145
Tairova G.A. Linguistic peculiarities of political discourse translation	150

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Джамбаева Ж.А., Мурзалинова С.К. Обрамляющие формулы русской и казахской волшебной сказки в сопоставительном аспекте	155
Assanova G.S., Alikulova A.T. Translation of english literary fairy tales and their significant features in contrast with kazakh tales	162
Vaimanova L.S., Zhumabekova Sh. D. Foreign borrowings in the lexicology of the english language	167

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Айсұлтанова Қ.Ә. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух	172
Бөкен Г.С. Қазақ-поляк драмалық шығармаларындағы кейбір үндестіктер (С.Мрожек, С.Адамбеков пьесалары негізінде)	176
Дәрібайұлы С. Ақын-жыраулар поэзиясындағы мұсылман парыздары туралы тұжырымдар	182
Жанысбекова Э.Т. Қазақ жазушыларының шығармашылығындағы миф	189
Жанұзақова Қ.Т., Жаксыкулова Ж.М. Шығыс әдебиетіндегі жанрлық ерекшеліктер мен М.Жұмабаев поэзиясындағы дәстүр сабақтастығы	194
Жәмбек С.Н., Қадыров Ж.С. Талжановтың шығармашылық белестері	200
.....	205
Қазыбек Г.Қ. Фариза Оңғарсынова шығармалары орыс тілінде	
Керімбекова Б.Д. «Заман» және «Уақыт» концептілерінің дәстүрлі қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі бейнеленуі	210
.....	219
Мұсалы Л., Дәрібайұлы С. І.Жансүгіров туындыларының орыс тіліне аударылуы	223
Оспанова Г.Т. Ыбырай Алтынсариннің аудармаларын оқыту әдістемесі	
Солтанаева Е.М. Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасының мәтіндеріне текстологиялық талдау	229
Толысбаева Ж.Ж. «Двадцать сонетов к Шокану Уалиханову» Рены Жумановой в контексте поэтической традиции Иосифа Бродского	233

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Айсултанова К.А., Алиярова Л.М. Оптимизация процесса обучения профессионально-ориентированному чтению	243 247
Әміреев Н.Ә. Тіл сабақтарында студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру	
Бейсенова М.К., Вайцель М.П. Формирование лексических навыков при обучении профессионально-ориентированному иностранному языку по специальности «Юриспруденция»	251
Бисмильдина Д.Д. «Қазақ тілі» пәнінен интонацияны меңгерудің маңызы мен тиімділігі	256
Бисмильдина Д.Д. «Қазақ тілі» пәнінен орфоэпияны меңгерудің маңызы мен тиімділігі	262
Громова М.В., Жуkenова А.К. Эффективность применения игровых технологий на уроках английского языка	268
Дуйсенова М.М. Воспитательные основы формирования коммуникативной компетентности учащихся начальных классов	273
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын жаттығулардың педагогикалық-психологиялық негізі	278
Михайлова Т.В., Мукажанова Г.Ж., Парфенова Т.А. Ролевая игра как эффективный прием обучения иностранным языкам	283
Мухаметжанова Н.А., Жуkenова С.К., Тлеубай С.Т., Абдирова Ш.Г. Ынтымақтаса жұмыс жасау - студенттердің қызығушылығын арттырудың негізгі жолы	290 296
Пчелкина Т.Р. Формирование модели мира читателя через модели мира писателей	
Редванецкая Ю.И., Нуртазина Ж.К. Лингвистические аспекты формирования билингвальной языковой личности в учебном дискурсе вуза	302
Тавлуй М.В., Газдиева Б.А. Об использовании технологии <i>e-learning</i> в контексте обучения русскому языку как неродному	307
Шукуманова Б.С., Сенкубаев С.Т. Модульдік технологияны пайдалану арқылы сабақ берудің тиімділігі	312
Yemelyanova Ye.V., Avazbakiyeva F.R., Aykenova A.Zh., Akhmanbetova D.S., Kachan O.L. Developing students' intercultural communication skills in the frames of multicultural education in the republic of Kazakhstan	318
Stukalenko N., Lavrick. R. Methodical aspects of developing communication of students in foreign language teaching	323

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

This article analyzes the multiple nominations. This phenomenon is described in the material of different types of modern Russian-language discourse. Multiple nominations may affect how the relationship nominative of identity (1 referent – 2 or more identity name) and the characterization of the relationship / predication (1 referent – 2 or more predicate name). In the first case, the combined category – either synonyms or variations of the word, and the context is usually updated by the proper linguistic differences of these designations. In the second case involved units have significantly different structure of their content, respectively, multiple nomination focuses on the differences in the skill and the interpretation referred to.

УДК 80

Г.Т. Карипжанова, Б.Қ. Жумабекова
С.Торайыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Павлодар, Қазақстан
adon70@mail.ru, beibitnur@mail.ru

М.Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТАҒДЫР» КОНЦЕПТІСІ

Мақалада қазақ тіл біліміндегі «тағдыр» концептісі М.Көпеев шығармалары арқылы сипатталады. Ұлттың өмір мен тағдыр туралы танымы әрбір ұлттық тілдің ішкі құндылықтарын құрайтын негізгі концептілердің бірі ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: концепт, тілдік таным, концептуалды дүниетаным, геистальт.

«Тағдыр» концептісі-өмірлік мәні бар адамзатқа ортақ концептілердің бірі. Зерттеушілер ғаламның тілдік моделін тануда ең алдымен ұлттың өмір мен тағдыр туралы танымына тоқталады. «Тағдыр» концептісін зерттеу жалпы халықтың дүние тану шеңберін айқындауға негіз болып табылады. Дүние болмысы-адамның өз болмысы. Бұл бірлікті халық санасында «Тағдыр» деген түсінікпен білдірген. Тағдыр-халықтың концептуалды дүниетаным әлемін қалыптастыратын сананың маңызды категорияларының бірі. Зерттеуші

В.А.Маслова мынадай пікір айтады: «Судьба управляется космосом. Своя судьба есть у всего: у людей, вещей, событий, явлений. Судьба – это божественно установленные сущность и будущность каждой вещи и каждого человека, но это неразумная сущность, в религиозном сознании – это Бог» [1, с. 207]. Зерттеушілер ғаламның тілдік моделін тануда, ең алдымен, әр тілдегі ұлттың өмір мен тағдыр туралы танымына тоқталады. Тағдыр танымы – әрбір ұлттық тілдің ішкі құндылықтарын құрайтын негізгі концептілердің бірі. «Славян халықтары дүниетанымында «судьба» - құдіреттің өмірді басқарып, бағыттап отырар күші. Орыс тіліндегі бұл сөздің этимологиясы да осыны айғақтағандай: түбірі – «суд» - «Божий суд» (құдайдың әмірі) – «чему быть, тому не миновать»; «не судьба». Бұл концептінің семантикалық аясында тағдырды Құдайдың жазмышы хақында түсінетінін көрсететін «доля», «участь», «суждение» лексемалары бар» [2, 60 б.].

«Тағдыр» сөзіне философиялық сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Тағдыр-адам ғұмырындағы барлық жағдайларды алдын ала пешенісіне жазып қоятын табиғаттан тыс күш туралы діни мистикалық түсінікті беретін ұғым. Кейін келе тағдырды әлемнің әміршісі әділетті Хақ тағала түрінде түсіне бастады. Тағдырды жазмыштың ісі ретінде түсіну қазіргі барлық діндерге тән (фатализм)» [3, 409 б.]. «Фатализм (лат.satalis - қашыпқұтылмайтын) - антидеалект. дүниетанымдық тұжырымдама, оған сәйкес дүниеде болатын барлық процестер бостандыққа, шығармашылыққа орын қалдырмайтын қажеттіліктің үстемдігіне бағындырылған. Бастапқыда фатализм мифологияда адамдардың және тіпті құдайлардың

мағынасы, мақсаты жоқ тағдырға сөзсіз бағыныштылығы туралы түсінік ретінде дамыды»[3, 450 б.]. Тағдырдың белгісіз әсер ететін бір күш екені жөніндегі ұғым көптеген халықтардың сөздіктерінде айтылған. Қазақ тіліне «тағдыр» сөзі араб тілінен енген. «Тағдыр» сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былай түсіндірілген:

1. Діни: «күдіреттің жазуы, жазмыш» Сүйіп қосылған күйеуім өліп, бақытым күйді, тағдыр мені бір емес, аямай екі соқты (С.Омаров, Күншуақ). 2. Өмір, тұрмыс, тіршілік. Бәтеспен екеуіміздің ілгергі күндері тағдырымыз қандай боларына көзім жетпейді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). 3. Ауыс. Бір нәрсенің жай-күйі, келешегі, болашағы. «Тіршілік» газетінің архивымен бірге жоқ болған Сәкен қоңыр дәптерінің де тағдыры бізге белгісіз (А.Сатаев, Ақын ізі) [4, 530 б.].

Тағдыр-әркімнің басынан өтетін жақсылық пен жамандық, байлық пен кедейлік, бақ пен дәулет, қызмет іспетті істерді Алланың алдын ала белгілеп қоюы. Иман шартынан саналатын қадер мен қаза, сенім негіздерінің алтыншысы немесе ең соңғысы.

Тағдыр Алланың жазуы, яғни бұйрығы деген түсінік қазақ танымында бар. Осыдан барып Хақ жазуы, жазмыш ұғымы шығады. Бұл қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былай беріледі: «Жазу ауыс. діни. Алланың басқа салуы, пенденің тағдырының алдын ала белгіленуі. Алланың [Құдайдың, тәңірінің, жаратқанның, жасағанның] жазуы. діни. Тағдырдың, талайдың бұйырғаны, Алланың пендесіне белгілеген тағдыры. Қай күні дәм таусылса қаза жетер, Алланың жазып қойған жазуы екеу (Шал ақын, Өлеңд.)» [5, 550 б.].

«Жазмыш зат. 1. Діни. филос. Діни наным бойынша, әуелден белгіленіп қойылатын талай-тағдырдың бұйрығы, тағдыр иесінің жазуы. Мәңгілік күлкі дірілдеп, жайлап қана гүл атты. Ал одан соң ғазиз жан оқыды өз жазмышын (Қ.Аманжолов, Өлеңд.). Жазмыштан озмыш [озбас] жоқ. Алланың пендесіне бұйырған алдын ала белгіленген тағдырынан артық-кем ештеңе болмайды, басқа салғаннан қашып құтыла алмайсың деген мағынада. «Жазмыштан-озмышозбас» деген сөзді бекер деп айту жарамайды. «Алланың, адам басы, добы» деген, Қуса да қалай қарай домалайды (А.Байтұрсынов, Шығ.)» [5, 548 б.].

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде және қазақ тілінің сөздігінде «тағдыр» сөзінің синонимдік қатарлары: күдірет, бұйрық, жазмыш, жазу, пешене, маңдай, бақ, салым сияқты сөздердің мағыналарының барлығы бір-біріне жуық екекні көрсетілген. «Пешене ир.зат. Жазмыш, тағдыр.-Жалғыздың жары құдай, шырағым,-деді ол, Тотыжан туа жалғыз емес еді, қайтейін, пешенесінде бар екен (Р.Райымқұлов, Жасыл.). Пешенесге бітті [тиді]. Нәсіп болды, бұйырды.- Мұндай келін пешенеге бітсе, арманың не ?-деген Нұрилла сөзін Қаншайым жақтырмай қалды (Ш.Құмарова, Қос шынар). Пешенеге жазған. Маңдайға жазған, бұйырған. Бір күні олар екіге бөлініп, пешенеге жазғанды өз беттерінше көрмек болады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Пешенесінен көрді. Маңдайға жазғанын көрді. Зауал шағымда менің жан аларым Қаратаз боп келсе, пешенемнен көрермін,- деді Кәлен (Ә.Нұршайықов, Қан мен тер)» [6, 668 б.].

Парсы тілінен енген пешене (парсы: «пишани») сөзі 1. маңдай; 2. Тағдыр дегенді білдіреді. Қазақ тіліндегі «пешенесіне/ маңдайына жазылған» сөз тіркесі бағы бар немесе тағдыры жөнінде айтылады. Осы мәселеге байланысты ғалым Ә.Нұрмағамбетов мынадай пікір айтады: «Маңдай бастың жоғары жағының алдыңғы бөлігі тілімізде осылай аталады» [7, 220 б.]. «Халықтық танымда маңдай «бақ» қонар жер болуға тиіс, сондықтан да оны жабуға болмайды деген түсінік болғанға ұқсайды: «маңдайының ырысы бес елі». Қарама-қарсы мағынадағы сор (парсы «шур») 1. тұзды; 2. бақытсыздық та маңдайға орналасады деп түсінген: «маңдайының соры бес елі», «сор маңдай»- бақытсыз дегенді білдіреді » [2, 62 б.].

Сонымен қазақ танымында маңдай бақ пен сор тұрақтайтын жер деген ұғыммен қатар Алланың жазуы да маңдайға жазылады деп түсінеді. Бұған дәлел «маңдайына жазылғаны болады» деген сөз.

Ғалым Р.С.Әміренова мақаласында қазақ халқының концептуалды дүниетаным әлемін қалыптастыратын «тағдыр» концептісінің төмендегідей гештальттерін қарастырады:

1. Тағдыр – тұлға, адамнан күшті, сондықтан да қазақ халқында «Алла», «жаратушы», «жоғары ие», «шарасыздық», «амалсыздық», «белгісіз әсер ететін күш», «тағдырға қарсы

тұрмау», «тағдыр осылай шешті» деген ұғым бар. Тағдырдың жаратылыстың күші екендігіне сену. Тағдырдың Алладан берілетіндігіне сену. Тағдырға жаман-жақсының, әр нәрсенің Алладан болатындығына сену, тағдырмен байланыстыру. Қазақ менталитетінде «Алланың әмірінсіз ештеңе болмайды, бәрі Алланың әмірімен болады» деген түсінік ұғым бар.

Мәшһүр-Жүсіп тағдырды Алланың бұйрығы ретінде қабылдағаны анық байқалады. Бұл ретте Алланың әміріне қарсы шықпай, барынша мойындап, шүкірлік ету Мұхамед (с.ғ.с.) сүннеттерінде де айтылған. Бұл ақынның «Пайғамбардың өсиеті» өлеңінде де айтылған:

Асхапқа Расул айтты:

Сөзім тыңда,

Көп жылап, найарманлық (пәрмендік) Хаққа қылма!

Құранның ішіндегі бұйрығын қыл,

Әмірінен бір Алланың мойын бұрма! [8, 90 б.]

Ап кел мұнда, ұлыңды өлтірейін,

Кәлимаға тілін (мен) келтірейін.

Мұхаммед, жалғызыңды ап кел жылдам,

Жанын алып, бұйрығын бітірейін [8, 68 б.]

Мәшһүр –Жүсіп тағдыр пенденің құдіретінен тыс күш ретінде қарастыра отырып, оны Алланың әмірі, Хақ бұйрығы ретінде береді:

Бұл дүние тынымы жоқ ескен желдей,

Қаңбақтай бір күн еріксіз домалатар [8, 121 б.]

Мұнда адамның Алла және тағдыр алдындағы дәрменсіздігін беру үшін Мәшһүр-Жүсіп жел айдаған қаңбақ пен мойынға түскен арқанды ұтымды қолданған. Сөйтіп түйіндей келе ақын былай дейді:

Әр істі қылам десе, қылады ол,

Талмайды ешбір шаршап, құдіреті мол.

Бір тікен бір жеріне қадалғаны,

Құдайдан ретсіз (радасыз) болмайды сол [10, 179 б.]

Мұнда ақын Алланың бұйрығынсыз бір шөп басы да қимылдамайды дей келе, адам өміріндегі жақсы-жаман Алладан деген танымды танытады:

Болуың жақсы, жаман бір Құдайдан,

Өлген соң тірілу бар, сен бұған бақ [10, 176 б.]

2. Тағдырға кез болу. «Тағдыры жетті». «Басқа бақыт құсы келіп қонады». «Тағдырын шешті». «Істің тетігін тауып, шешімін анықтады».

Абай өз өмірінде ұлының өліміне дейінгі өлеңдерінде тағдырға кез болу қай күні екені белгісіз, бірақ бұл өмірдің өтпелік заңы бар екендігін мына жыр жолдарында айтқан:

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма,

Біреуге жай, біреуге тез болмай ма.

Асау жүрек аяғын шалыс басқан

Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?[8, 134 б.]

«Тағдыры жетті, тағдыры бітті» тұрақты тіркестері өлімге қатысты айтылып жатады. Яғни тағдырың осы жерге келіп үзілсе, ажалыңның жеткені. Мұны Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Қыз жұмбағының шешуі» атты шығармасында: ««Үш үй көрдім» - дегені: бірі заманмазы-адамның басынан өткен заманы. Бірі – заман мастақпыл – адамның алдында, қарсы келешек заманы. Бұл екеуі тұттай жалаңаш. Енді біреуі – «заманхал», қазір адамның үстінде тұрған заман.

«Оның да шиі жоқ», - дегені: шиі болса, желге төтеп берер еді. Адамның басынан дәуренін өшіретұғын жел – өлімі. Қазір тұрған заманның өлімнен алып қалуға шамасы болмаған соң, желге шиі жоқ үй есебінде болғанлығын айтқаны» [8, 320 б.]. Мұнда ақын тағдыр ретінде адамның қазіргі басындағы күйін, яғни заманхалды алып отырса, өлім оны өшіретұғын жел деп баяндалған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ажалы жетіп, дүние салған адам туралы «тағдыры жетті» деген сөзді қолданады:

Жарандар: «Жарайды!»- деп, қабыл тұтты,

Дүниеден тағдыр жетіп, Ысқақ өтті [8, 93 б.].

Алладан тағдыр жетіп, олар да өтті,

Замандас, тұстасының бәрі кетті [8, 181 б.].

3. Тағдыр – жазмыш. Жазмыш- мұсылман әдебиетінде адамдардың іс-әрекетін, әлемде болып жатқан құбылыстарды түсіндіретін сөз.

Адам туғанда өзінің тағдыры жазылады. Қазақта «жазмыштан озмыш жоқ» деген танымы бар. «Тағдырдың жазғаны». «Алланың арнауы, маңдайға жазғаны». (Тостым тағдыр жазғанын, Қосан үшін адал жарым үшін не салса да көндім. (Б.Тәжібаев. «Қара торғай»).

Адам өзіне тиесілі нәрсені маңдайына жазылған сордан, не бақтан көреді. Тағдыр мен бақ, сор ұғымдары мағыналас келеді, дегенмен бақ тұрлаусыз, қонуы да, ұшып кетуі де мүмкін. Ұлттық дүниетанымда бармақтай ғана «бақ» адамның өмір бойы бақытты болуына жеткілікті: «бармақтай бақ берсін» деген бата тілек осыны көрсетеді. Мысалы:

Басылған Құдіреттен мөр таңдайымда,

Бармысың бармақтай бақ маңдайымда?! [8, 318 б.]

«Бақ» жаратушының адамның белгілі бір іс-әрекетінен қарай немесе жайдан-жай беріле салынады деген түсінік бар. Адам жаратушыға жалынып сұрайтыны да содан: «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер», «бақ қонған жеріне қонады, мал біткен жеріне бітеді».

«Бақ» пен «бақыт» концептісіне қатысты жалпыхалықтық мақал-мәтелдер: «Басына бақ қонатын жігіттің, ұлы епті, қызы көрікті болады»; «Дарияны теріс ағызған ақылдан, бармақтай бақ ілгері»; «Жақсы әйел, жігітке біткен бақ, жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ»; «Батыр ортақ, бақ жалқы»; «Бақ келді деп таспа, жау келді деп саспа»; «Бассыз берген мал мазан, бақсыз берген тіл мазан»; «Өзің жеңіп алмасаң, бақыт келмес әрқашан» т.б.» [2, 61 б.].

«Бақ» сондай-ақ қазақ танымында тұрақсыз, әркімнің де басына қонуы мүмкін «бақ құсы» ретінде де беріледі. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінде «бақ» сөзі екі контексте қарастырылған:

1) жақсы адамдарға Жаратқан нәсіп еткен дәулет, мерей, жақсылық:

2) дүниеқоңыз болған, өзге түгел өзінен қызғанар сараң байлардың бағының үстем болуына налу түрінде берілген. Мысалы:

Басынан бақ дәулеті көшпей кеткен,

Шырағы жанып тұрған өшпей кеткен [8, 231 б.].

Бұл жолдарда ақын Исабек ишан мен Мұса Шорманов сияқты еліне елеулі, халқына қадірлі жандардың елалдындағы мерейін, құт-берекесін беру үшін бақ сөзін қолданған. Ал енді төмендегі жолдарда болса:

Кеп айтқан Асан қайғы ұзын-сонар,

Деп айтқан: «Қилы-қилы заман болар!»

Қарағайдың бастарын шорган шалып,

Бақ-құсы шыбын болып (боққа) қонар! [8, 180 б.]

Мұнда ақын «Асыл зат, текті жерді таңдап қонып, Жарасып тұғырында тұрушы еді» деп жырлаған бақты «шыбынға» теңей отырып, «сасық, ірінді таңдап қонды» деп өкініш айтады.

«Бақ-дәулет» сөз тіркесі бақты байлықта, дәулетте деген түсініктің орын алатынын көрсетеді. Әйтсе де, «бақ» концептісінің ішкі коннотациясында материалдық байлық, екінші қосалқы мәнге ие.

Дүние өтер: біреу күліп, біреу жылап,

Бақ, дәурен қолға болмас, болып сынап [10, 65 б.].

Бұл жолдарда ақын «бақ», «дәулет» ұғымдарының тұрақсыздығын беруде сынап ұғымын сәтті қолданған. Әсіресе «байы бір жұттық, батыры бір оқтық» болып саналатын қазақ үшін «бақ» концептісі мәңгілік түсінігімен қатар келе бермейді.

«Бақ» ұғымымен қатар жүретін келесі концепт «сор» екені белгілі. Қарама-қарсы мағынадағы сор (парсы: «шур») 1. тұзды; 2. бақытсыздық та маңдайда орналасады деп түсінген. «Сор» ұғымы қазақта мынадай түсініктермен беріледі: «соры бес елі», «соры

қайнады», «сорлап қалды», «маңдайының соры бес елі», «сор маңдай». Жалпы қазақта «сор» сөзін «бағы ашылмаған, жолы болмаған» адамдарға қатысты қолданады.

«Бак» және «сор» қазақта маңдайға бітеді деген таным бар. «Той жоралғыларында үлкен жастағылардың жас жұбайларды маңдайынан сүйіп, бак тілеуі бак маңдайда жазылады деген түсінікпен ұштасып жатыр: «маңдайы ашылу», «маңдайының ырысы бес елі», «маңдайына біткен» - бақытты болу, «маңдайына симау»- бақытсыздыққа ұшырау дегенді білдіреді. Мұндай түсінік көптеген халықтардың дүниетанымына тән. Халық арасындағы маңдайға түсіп тұрған кекілдің әйелдің көп ұзамай жесір болатынының белгісі деген таным түсінігінің айғағы» [2, 62 б.]. Тағдыр адамның маңдайына жазылады деген ұғым «бак» пен «сор» орнар жер маңдай деген түсінік болуымен түсіндіріледі. Бұл ұғым Мәшһүр-Жүсіп жырларынан да жолығады:

Шараң жоқ тағдырыңда жазу болса,
Кез болса маңдайдағы сорымызға [9, 24 б.].
Еркектен азғырылды қатын бұрын,
Бастан-тәж, маңдайдан-бак, алды нұрын [10, 127 б.].

4. Тағдыр – жол. Осыдан қазақ халқында тағдыр концептісі «жолы болу», «бақытты болу», «сәтті болу» сияқты ұғымдармен байланыстырылады. «Тағдыры жетті». «Ажалы жетті, жолы бітті, күні бітті».

5. Тағдыр адамға ие және оған қарама-қайшы: адамның тағдыры өз қолында, өзіне байланысты деп деп те айтады.

Адам дүние есігін ашысымен-ақ тағдыр жетегінде болады, өйткені адамның өмір сүргені, өмірде істеген амалдары, қуанышы мен қайғысы, барлығы да – оның тағдыры. Тағдыр өзгермейді, оны Абай жиырмасыншы қара сөзінде былай деген: «Тағдыр өзгертілмейді, пендеде бір іс бар жалығу деген. Ол тағдырды адам мен бірге жаратылған нәрсе» [11, 52 б.].

Демек, адам тағдыры дүниеге шыр етіп келгеннен бастап бірге жаратылады. Адамның күнделікті өмірі – оның тағдыры, ал тағдырды өзгерту, жақсы жаққа бұру, яғни қоғамына сай өмір сүру, білім алу, ол – адамның күнделікті амал-әрекеті мен ісіне байланысты. Ол – өз қолында, оны қабылдауға, өзгертуге адамның ақылы мен ой-санасының, дүниетанымының жоғары болуына байланысты.

Тағдырды жасаушы – адамның ақыл-ойы, іс-әрекеті, яғни сөзі. Ол қанша ойланса да, өз тағдырын басқаша өзгерте алмайды. Өткенге өкіне алмайды, тек амал-айла, жол іздейді. Адам баласы өз өмірінің иесі, оның сәнді болуы өз қолында. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының да осы пікірмен үндес ойларын өлеңдерінде кездестіруге болады. Атап айтар болсақ, ақын тағдыр Алланың бұйрығымен пендесіне нәсіп етілетініне еш күмән келтірмеген. Яғни тағдыр Алланың қолындағы, соның күзіретіндегі күдіретті күш, пендеге оны мойындап, бас июден басқа амал жоқ. Сондай-ақ тағдыр өзгермейді. Мысалы:

Құдайдың күдіретінен оза алмассың,
Қолыңды жетпес жерге соза алмассың [8, 19 б.].
Ойланып барған жолыңда
Мұндай да болды-ау соңыңда!
«Тағдырға (тақдырға) табдил жоқ», - деген,
Ойлап бір тұрсам мол екен [10, 48 б.].
Тағдыры бір Алланың өзгермейді,
Пенденің қожасына бәрі бірдей [9, 33 б.].
Әнбия, мұрсалдардың бәрі де өтті,
Түбіне бәрінің де тағдыр жетті [9, 17 б.].
Біреу үлкен жалғанда, біреу- кіші,
Ойлау керек: «Не болса, Хақтың ісі!» [9, 39 б.]

Бұл шумақтарда Алланың тағдырынды әуелден жазып қоятыны, оны өзгертуге пенденің шамасы да, амал-айласы да жетпейді деген ой айтылады. Ақын «тағдыр» сөзін «Алланың бұйрығы», «Хақтың әмірі» тіркестерімен береді. Алайда адамның тағдыры өзінің

ниеті мен қалауы ескеріле отырып жазылады. Алла Тағала әр нәрсенің тағдырын жазған және жаратқан. Сол сияқты адам баласының іс-әрекеттерін де біледі және жаратады.

Адамның қалай, нені қалайтындығын және ирадесін (еркін) қалай пайдаланып, нені таңдайтындығын, нені істейтіндігін Алла шексіз білімімен біліп тағдырына жазған. Сондықтан пенденің бұл өмірде не істейтіндігі тағдырындағы жазылуына сәйкес келеді.

Жалпы, Құранда тағдыр Алланың қалауымен болады деп түсіндірілсе де, адамның да тағдырға әсері бар екені айтылады. Бұндай ойлар Мәшһүр-Жүсіп өлеңдерінен де кездестіруге болады:

Ешкімге өкпе қылу дұрыс емес,
Не берсе, берді Құдай, пейілімізден! [8, 180 б.]
Кем соқса жақсы біліп үйренуді,
Түбірсіз болған емес тағдыр ісі [8, 170 б.].
Болса да бір Алланың өзіне аян,
Ықтияр пендесіне беріп тұр ғой [8, 165 б.].

Мұнда ақын тағдыр Алланың қолында болғанмен ол адамның пейіл, ниетімен, ынта-ерігіне де байланысты деген ой айтады. Пенденің жасаған істерінің негізінде тағдыр жасалып, жазылады деген ой да бар. Жалпы тағдыр мәселесі екіұдай пікірге сүйеніп, екі түрлі талдануда. Атап айтар болсақ, бірі- адамның тағдыры ол дүниеге келмей жазылып қояды және өмір бойында өзгермейді, екіншісі- адамның тағдыры оның өмірде жасаған жақсы істері мен ойларына байланысты деген пікір. Сонымен, тағдыр концептісі арқылы қазақ мәдениетінде екі негізгі идея байланыстырылады: болашақтың белгісіздігі және адамның өмірінде болып жатқан құбылыстарды бақылаудың мүмкін емес екендігі.

Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ащысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім», «өмір» концептілері арасында белгілі байланыс бар екендігі сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды. Ал тағдырдың жазуымен болған барлық жақсылық пен жамандық жиынтығы өмір деп аталады. Сондықтан «тағдыр» концептісін «өмір», «өлім» концептілерінен жеке-дара қарастыруға болмайды. Тағдыр өмір мен өлімнің қосындысы, яғни екеуі қосылып біртұтас тағдырға айналады.

Тілімізде «өлім» ұғымын «өмір» компоненті арқылы білдірілетін фразеологизмдер бар: «өмірі үзілді, қиылды» (қыршынынан қиылды – жастай кетті, мезгілсіз өлді). Бұл тіркес адамның өмірі мен тағдыры арасындағы құпия байланыс (жіп) жөніндегі түсінігімен байланысты қалыптасқан. Ежелгі аңыз-түсініктер бойынша, адамның тағдырын әйел құдайлар жіп сияқты (түрінде) иіріп отырады, сағаты келгенде олар бір жіпті үзеді (қиып жібереді), сол сәтте адамның өмірі де тоқтайды. Сөйтіп өмір уақыт категориясымен тікелей байланысты ұғым болып табылады.

Б.І.Нұрдаулетова: «Жыраулар тілінде өлім концептісі дара сипатқа ие. Ол өмірмен салыстырылмайды. Себебі өлім – жыраулық когницияда өмірдің бітуі, аяқталуы емес, екінші өмірдің жалғасуы» [57], – деп тұжырым жасайды.

Өлім сөзінің сипаттамалық көріністері: қайтыс болу, көз жұму, қаза табу, дүние салу, шетінеу, бақилық болу, ажалы жету.

Ажал діни мағынада тұрақты бірнеше сипаттамасымен ерекшеленеді:

